

Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі мен Түрік Республикасының Бас штабы арасында Әскери тарих, әскери мұрағат, әскери мұражайтану және әскери жарияланымдар саласындағы ынтымақтастық туралы хаттама жасасу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы. 2002 жылғы 22 қараша N 1236

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі мен Түрік Республикасының Бас штабы арасындағы Әскери тарих, әскери мұрағат, әскери мұражайтану және әскери жарияланымдар саласындағы ынтымақтастық туралы хаттама жобасы мақұлданды.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Жоба

Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі мен Түрік Республикасының Бас штабы арасындағы Әскери тарих, әскери мұрағат, әскери мұражай және әскери жарияланым саласындағы ынтымақтастық туралы ХАТТАМА

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын, Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі мен Түрік Республикасының Бас штабы достықты және өзара сыйластықты нығайту, екі жақты қарым-қатынасты жақсарту және Тараптар арасындағы ынтымақтастықты дамытуға ықылас білдіре отырып,

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Түрік Республикасының Үкіметі арасындағы 1993 жылғы 23 ақпандағы Әскери білім саласындағы ынтымақтастық туралы келісімнің ережелерін (бұдан әрі - Келісім) назарға ала отырып, төмендегілер туралы келісті:

1-бап. Мақсаты

Осы Хаттаманың мақсаты Тараптар арасындағы әскери тарих, әскери мұрағаттар, әскери мұражайлар және әскери жарияланымдар саласындағы ынтымақтастықты құру болып табылады.

2-бап. Терминдер

Осы Хаттамадағы келесі терминдер мыналарды білдіреді:

1. "Әскери мұражайлар" - өткен және осы уақытта мемлекеттері қарулы күштерінің тарихи және техникалық дамуын бейнелейтін мұражайлар.

2. "Әскери тарих" - Тараптар мемлекеттері қарулы күштерінің әлеуметтік, тарихи және техникалық дамуын зерделеу жөніндегі үздіксіз ғылыми қызмет, сондай-ақ олардың жазбаша деректер, археологиялық және басқа да тарихи мұражай материалдары негізінде тарихи әскери операцияларды жүргізуге қатысты мәселелер.

3. "Әскери мұрағаттар" - әскери тарих және мұражай жөнінде өңделген құжаттар.

4. "Әскери жарияланымдар" - әскери тарих саласындағы жарияланған кітаптар, журналдар, мақалалар және басқа да құжаттар.

Осы Хаттамада Келісімнің өзге де терминдері қолданылуы мүмкін.

3-бап. Уәкілетті органдар

Осы Хаттаманың ережелерін іске асыру жөніндегі уәкілетті органы қазақстан Тарапынан Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі болып табылады.

Осы Хаттаманың ережелерін іске асыру жөніндегі уәкілетті органы түрік Тарапынан Түрік Республикасының Бас штабы болып табылады.

Тараптардың жоғарыда аталған уәкілетті органдарының атаулары немесе функциялары өзгерген кезде дипломатиялық арналар бойынша бір-біріне уақытылы хабардар етеді.

4-бап. Жалпы ережелер

1. Жіберуші Тараптың әскери персоналына қабылдаушы Тараптың әскери мұражайлары мен мұрағаттарына баруға, әрбір Тарап әскери персоналды жіберер алдында осы мәселелерді хабарлап және үйлестіріп отырған жағдайда рұқсат беріледі.

2. Тараптардың жалпы тарихына немесе біреуінің тарихына қатысты құжаттардың шағын фильмдерін жасау және көшірмесін алу, мемлекеттік құпиялардан тұратындарды қоса, Тараптардың ұлттық заңнамаларына сәйкес жүзеге асырылады.

3. Тараптардың жалпы тарихына немесе біреуінің тарихына қатысты (өнер шығармалары, қару, әскери киім нысаны, суреттер, литографиялар, гравюралар, кеме модельдері, бұрынғы әскери кемелер сияқты) экспонаттарын толықтыру мақсатында ұсынатын Тараптың келісімі бойынша олардың көшірмесін алуға рұқсат етіледі. Көшірмеге көшірме жасауға рұқсат ететін белгі қойылады.

4. Құжаттар шағын фильмдерінің және экспонаттардың көшірмелері сұраушы Тарап барлық шығыстарды көтеретін жағдайда дайындалатын болады.

5-бап. Әскери мұрағаттар

Әскери мұрағаттарды сақтау Тараптар мемлекеттерінің қарулы күштеріне жататын үй-жайларда жүзеге асырылады.

6-бап. Ынтымақтастық принциптері

1. Тараптар тиісті делегациялар тағайындайды және олардың кепілдемелеріне сәйкес ынтымақтастықтың кезеңді кезеңдік бағдарламаларын айқындайды.

2. Қабылдаушы Тарап өз атына, әскери персоналға шағын фильмдердің көшірмесін алуға және жасауға және құжаттарды зерделеуге рұқсат беру немесе бас тарту құқығын сақтайды.

3. Жіберуші Тарапының персоналына өзара келісім бойынша қабылдаушы Тараптың әскери мұражайлары мен тарихи мекемелеріне баруға рұқсат етіледі.

4. Тараптарға тарихи зерттеулер өткізу үшін талап етілетін кез-келген жабдық пен үй-жайлар, бұл жабдық жұмыс аяқталысымен қайтарылуы шартымен, қабылдаушы Тараптың уәкілетті органына беріледі. Сақтандыруды қосқанда барлық шығындарды сұратушы Тарап көтеретіндей жағдайда, әскери мұражайлардың мәдени экспонаттарын, оларды зерттеу, зерделеу және көрмелер өткізу үшін уақытша алу мемлекеттер Тарапының ұлттық заңнамаларына сәйкес жүзеге асырылады.

5. Тараптар арасында құжаттар мен ақпараттар алмасу дипломатиялық арналар бойынша жүзеге асырылады.

6. Тараптар бірлескен жобаларды ұйымдастыру мәселелері жөніндегі кеңестер мақсатында ведомствоаралық бірлескен топтарды құрады және Тараптар зерттеулер барысында алынған нәтижелерді бірлесіп пайдаланатын болады. Ведомствоаралық бірлескен топтар мүшелерінің санын өзара келісім бойынша тараптар белгілейді.

7-бап. Тарихи зерттеулерді ұйымдастыру мен жүргізу

1. Тараптар өзара келісімдер бойынша экспонаттарды жасау және жаңғырту саласында мамандарды оқытады және әзірлейді.

2. Тараптар тарихи зерттеулерді мыналар арқылы жүзеге асырады:

а) мемлекеттер Тарапының жалпы тарихына немесе біреуінің тарихына қатысты тәжірибемен, ақпаратпен, құжаттармен, жарияланымдармен алмасу;

б) құжаттар тарату және көрмелер ұйымдастыру;

в) конференциялар мен коллоквиумдар ұйымдастыру;

г) мемлекеттер Тарапының халықтары қатысқан соғыстар, шайқастар мен әскери науқандарға қатысты ғылыми зерттеулер;

д) әскери тарихқа жататын өнер шығармаларын қайта жасау;

е) ынтымақтастық туралы осы Хаттамада айқындалған іс-шараларға қатысы бар зерттеулер мен зерделеулер;

ж) әскери авторлардың жарияланымдарын жіберу және алмасу.

8-бап. Ақпараттардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету

1. Тарап берілетін мәліметтің қабылдаушы Тараптың ұлттық заңнамасымен қабылданған құпиялылыққа баламалы құпиялылық белгісін (деңгейін) анықтайды, осыған сүйене отырып соңғы қабылдаушы Тарап оның қауіпсіздігі жөнінде шаралар қолданады.

Берілген мәліметтің құпиялылық белгісін өзгерту немесе алу, сондай-ақ оларды көбейту (тираждау), жою және қайтару тәртібі Тараптардың өзара келісімі бойынша аяқындалады.

2. Қабылдаушы Тараптың осы Хаттама шеңберінде қызметтік міндеттерін атқару кезінде алған қабылдаушы Тараптың Қарулы Күштер туралы құпия сипаттағы ақпаратты таратуға және жариялауға үшінші Тараптың осыған жазбаша келіскенсіз, осы Хаттама күшін жойған жағдайда да құқығы жоқ.

3. Тараптар осы Хаттамада көрсетілген іс-шаралармен байланысты зерттеулер мен зерделеулердің алдын ала және соңғы нәтижелерімен алмасу жүргізетін болады. Ақпарат алмасу мемлекеттік құпияларды қорғауға қатысты Тараптар келісімі бойынша жүргізіледі.

4. Тараптар арасындағы хат алысудың, ақпарат және құжаттар берудің барлығы Тараптардың уәкілетті органдары арқылы дипломатиялық арналар бойынша жүзеге асырылатын болады.

9-бап. Қосымша ережелер

Жіберуші Тараптың әскери персоналы Келісімнің, осы Хаттаманың ережелерін және қабылдаушы Тарап мемлекетінің ұлттық заңнамасын сақтауы тиіс.

10-бап. Даулы мәселелерді реттеу

Осы Хаттаманың ережелерін түсіндіру немесе қолдану кезінде даулар мен келіспеушіліктер туындаған жағдайда Тараптар оны келіссөздер мен консультациялар арқылы шешеді.

11-бап. Өзгерістер енгізу

Тараптардың өзара келісімі бойынша осы Хаттамаға өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін, олар осы Хаттаманың ажырамас бөліктері болып табылатын жекелеген хаттамалармен ресімделеді.

12-бап. Қолданылу мерзімі және оның аяқталуы

Осы Хаттама бес жыл мерзімге жасалады және, егер Тараптардың біреуі кезекті жылдық мерзімі аяқталуға дейін 90 күн қалғанда оның қолданысқа енуін тоқтату туралы өзінің ниетін екінші Тарапқа жазбаша хабарламаса, ол өздігінен кезекті бір жыл мерзімге ұзартылады.

13-бап. Күшіне енуі

Осы Хаттама Тараптардың оның күшіне енуі үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдерді орындағаны туралы соңғы жазбаша хабарламаларын алған күннен бастап күшіне енеді.

_____ жылғы "___" _____ қаласында, әрқайсысы қазақ, түрік, орыс және ағылшын тілдерінде екі түпнұсқа данада жасалды, әрі барлық мәтіндердің күші бірдей. Осы Хаттаманың ережелерін талқылауда келіспеушілік туындаған жағдайда, Тараптар ағылшын тіліндегі мәтінге жүгінеді.

*Қазақстан Республикасының
Қорғаныс министрлігі үшін*

*Түрік Республикасының
Бас штабы үшін*